

Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 1 ақпандағы N 14-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 наурызда N 13-9-87. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы N 12-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 27.06.2013 N 12-2 шешімімен

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2013.03.29 N 10-5 Шешімімен

Салықтар мен бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 422-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2013.03.29 N 10-5 Шешімімен

1. Қызметін Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына салық салу объектісінің бірлігіне бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2013.03.29 N 10-5 Шешімімен

2. Аудандық мәслихаттың келесі шешімдері күшін жойды деп танылсын: 2006 жылғы 24 наурыздағы «Жиындар мен төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды, бір жолғы талондар құнын бекіту туралы» (мемлекеттік тізілімде № 13-9-25 2006 жылғы 17 сәуірде тіркелген, аудандық «Вести» газетінің 2006 жылғы 28 шілдедегі № 30, 2006 жылғы 4 тамыздағы № 31 сандарында жарияланған); 2008 жылғы 28 наурыздағы № 6-13 «Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 24 наурыздағы «Жиындар мен төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды, бір жолғы талондар құнын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (мемлекеттік тізілімде № 13-9-74 2008 жылғы 8 мамырда тіркелген, аудандық «Вести» газетінің 2008 жылғы 23 мамырдағы № 21 санында жарияланған); 2008 жылғы 7 тамыздағы № 10-1 «Аудандық мәслихаттың 2006 ж ы л ғ ы

2 4

наурыздағы «Жиындар мен төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды, бір

жолғы талондар құнын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (мемлекеттік тізілімде № 13-9-82 2008 жылғы 29 тамыз тіркелген, аудандық « Вести» газетінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі № 39 санында жарияланған) ш е ш і м д е р і .

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген кезден күшіне енеді және бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

З. Харченко

В. Гюнтнер

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1

а қ п а н д а ғ ы

№ 14-2 шешіміне 1-қосымша

Булаев қаласындағы базарлар аумағындағы дүңгіршектердегі, тұрақты үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, Булаев қаласындағы базарларда тауар өткізу, жұмыстар орындау, қызмет көрсету бойынша қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны

Базар орналасқан жер	Қызметтің түрі	Сауда орнының түрі	Бір жолғы талонның құны (теңгемен)
1	2	3	4
Булаев қаласының базарлары	Тамақ өнімдерін сату	Сөре	275
	Өндіріс тауарларын сату	Сөре	130
	Шығып сату	Сөре	250
	Ет сату	Ет сөресі	370

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1

а қ п а н д а ғ ы

№ 14-2 шешіміне 2-қосымша

Қызметін Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына салық салу бірлігіне бекітілген салықтың бірыңғай ставкаларының мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда редакцияда Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2013.03.29 N 10-5 Шешімімен

р/с №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)

1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

А у д а н д ы қ

М Ә С Л И Х А Т Т Ы Ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1

а қ п а н д а ғ ы

№ 14-2 шешіміне 3-қосымша

Қызметін ауық-ауық жүргізетін жеке тұлғалар үшін хронометраждық бақылаулар мен тексерулердің орташа күндік көрсеткіштері негізінде қызметтің орны, түрі, шарттары, кіріс алу объектісінің сапасы мен ауданы және Мағжан Жұмабаев ауданында қызмет көрсетудің тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторлар есепке алынған бір жолғы талондар құны туралы

Ескерту. Шешім 3-қосымшамен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2009.07.29 N 17-6 Шешімімен

Қызметтер орналасқан жер	Қызметтің түрі	Б і р ж о л ғ ы т а л о н н ы ң (т е ң г е м е н) к ү н ы
1	2	3
Мағжан Жұмабаев ауданы	Жеке трактор иелерінің жер учаскелерін өңдеу бойынша қызметі	280
	Үй жануарларын бағу	106